

Түсінік хат.

«Акмектеп орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі «Айгөлек» шағын орталығында екі топ бар. «Балдырған» тобы 4-5 жас аралығында 6 тәрбиеленуші бар.

«Айгөлек» шағын орталығы төмендегідей үлгілік оқу жоспарымен жұмыс жасайды. «Айгөлек» шағын орталығы қазақ тілінде жүргізілетін мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес қамтамасыз етіледі. «Айгөлек» шағын орталығының үлгілік оқу жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Қазақстан Республикасындағы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарын бекіту туралы» 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығымен бекітілген.

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес әзірленген.

«Айгөлек» шағын орталығының 4-5 жас тәрбиеленушілеріне оқу жүктемесі төмендегідей бөлініді:

Вариативті компонент «Би өнері» апталық оқу жүктемесі 0,5 сағат.

Мақсаты:

Ерте заманнан қалыптасып, халқымыздың аса бай мұрасымен бірдей дамыған би өнері туралы, қазақтың белгілі бишілері жайлы тиянақты түсінік беру. Балалардың дене бітімін шынықтырып, күшейту. Музыканы есту және баулу қабілетін теория және практика жүзінде іске асыру. Билі түсіну және билеу қабілетін қалыптастыру. Өзін-өзі ұстай білуге тәрбиелеу.

Міндеті:

- Сезіну, естеу қабілетін дамыту.
- Қимыл-қозғалыс аппараттарының жүрек қан айналымын реттеп, жақсарту.
- Дененің дұрыс бітімін қалыптастыру, дұрыс демалу дер кезінде дұрыс, қимылдарын жетілдіру.
- Музыкалық шығармалардың буын-ырғағын, екпінін, мазмұнын дұрыс түсінуге дайындау.
- Теория және практика жүзінде қозғалысын дұрыс сезіне білу.
- Билеу кезінде би қозғалысы арқылы оның мәнерлілігін арттыру.
- Би қозғалысы кезінде би үйрену дағдыларын қалыптастыру.
- Балалардың би әуендерін сезіну, түсіну қабілеттерін дамыту, есте сақтау ілікке, еңбекқорлыққа, табиғатты сүйе білуге, эстетикалық талғамын арттыруға, патриоттық сезімге
- Би өнері арқылы тәрбиелеу.

Күтілетін нәтиже: Би өнерімен айналысқан ұлдар мен қыз балалар денесінің сымбаттылығымен, әдемі жүріс-тұрысымен, музыкалық ырғақты ажырата білуімен ерекшеленеді. Би өнерімен айналысу шығармашылық шеберліктердің негізін қалап, өзін-өзі жетілдіруге деген қызығушылығын арттырады.

Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық эпидемиологиялық талаптар «Санитариялық қағидалары ҚР Денсаулық министрінің 2017 жылғы 17 тамыздағы №615 бұйрығына сәйкес санитарлық талаптарға сай.

Би өнері.

№	Вариативтік компонент тақырыбы	Сағат саны	Айы-күні
1	Алғашқы би сабағы,би туралы түсінік беру және гимнастикалық жаттығулар жасау	1	10.09.
2	«Қара жорға» биі.	1	24.09.
3	«Қара жорға» биі.	1	08.10.
4	«Киіз басу» биі.	1	22.10.
5	«Киіз басу» биі.	1	05.11.
6	«Домбыра» биі.	1	19.11.
7	«Домбыра» биі.	1	03.12.
8	«Қаз қатар» биі.	1	31.12.
9	«Қаз қатар» биі.	1	14.01.
10	«Көкпар»биі	1	28.01.
11	«Көкпар»биі	1	11.02
12	«Гүлдер » вальсі биі	1	25.02.
13	«Гүлдер » вальсі биі	1	11.03.
14	«Қамажай» биі	1	25.03.
15	«Қамажай» биі	1	08.04.
16	«Сарбаз» биі	1	22.04.
17	«Сарбаз» биі	1	06.05.
18	«Гүлпар» биі	1	20.05.
		Барлығы 18	

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.

1. Қазақстан Республикасының „Білім туралы“ - Заңы, 2007ж.
2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы.
3. Балабақша , мектеп, коллежд , жоғары оқу орны жүйесіндегі мемлекеттік тілді деңгейлік үздіксіз оқыту стандарты. Астана-2014ж
4. Қазақстан Республикасында 2015 жылға дейін білім беруді дамыту тұжырымдамасы
5. Мектепке дейінгі ұйымдардың үлгілік оқу жоспарының вариативтік бөлімі туралы ереже. – Астана, 2013.
6. Сюжетті-рөлдік ойындарды модельдеу. Әдістемелік құрал – Астана, 2010